

Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы Қаратөбе ауылдық округінің Былқылдақ ауылын Әди ауылы деп қайта атау туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 19 қыркүйектегі № 241 қаулысы, Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2015 жылғы 07 қазандағы № 32/382-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 11 қарашада № 4230 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, 27-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11-бабының 4) тармақшасына сәйкес, " Былқылдақ ауылын Әди ауылы деп қайта атау туралы" Жарма ауданы мәслихатының 2014 жылғы 15 қыркүйектегі № 22/197-V шешімі және Жарма ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 15 қыркүйектегі № 236 қаулысы негізінде және облыстық ономастика комиссиясының 2015 жылғы 29 қаңтардағы қорытындысын ескере отырып Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШТІ** және Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы Қаратөбе ауылдық округінің Былқылдақ ауылы Әди ауылы деп қайта аталсын.

2. Осы шешім және қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Е. Құттыбаев

Облыстық мәслихат хатшысы

В. Головатюк

Облыс әкімі Д. Ахметов